

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 10 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші қаралатын мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын сайлау және қызметінен босату туралы.

Президенттің тиісті ұсынуын жариялау үшін сөз Президенттің Парламенттегі Өкілдігінің басшысы Исабаев Бейбіт Өксікбайұлына беріледі.

ИСАБАЕВ Б.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары! Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Жоғарғы Соттың судьяларын сайлау және қызметінен босату Сенаттың айрықша құзырына жатады.

Мемлекет басшысы сіздердің қарауларыңызға Жоғарғы Соттың судьясы қызметіне Қанат Сергейұлы Мусинді сайлау және Денис Алексеевич Шиппті басқа қызметке тағайындалуына байланысты Жоғарғы Соттың судьясы қызметінен босату туралы ұсыным енгізді.

Қанат Сергейұлы Мусин заңгерлік, оның ішінде прокуратура, Әділет органдарында үлкен тәжірибесі бар, еліміздің құқықтық қоғамдастығында белгілі, беделді заңгер маман. Соңғы бес жыл Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болды, қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетін басқарады.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысының Жарлығымен Шипп Денис Алексеевич жақында Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалды.

Құрметті депутаттар! Мемлекет басшысының осы ұсынымын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бейбіт Өксікбайұлы, орныңызға отырыңыз.

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті ұсынылған кандидатураларды алдын ала талқылап, өз қорытындыларын әзірледі.

Слово для оглашения заключений комитета по представленным кандидатурам предоставляется председателю Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, обсудив на своем заседании предложенные Президентом Республики Казахстан кандидатуры к избранию, а также освобождению от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан, вынес заключения.

Первое. На основании представления Президента Республики Казахстан от 9 июня 2021 года и в соответствии с подпунктом 1) статьи 55, пунктом 1 статьи 82 Конституции Республики Казахстан и пунктом 1 статьи 31 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» рекомендовать Сенату Парламента Республики Казахстан избрать Мусина Каната Сергеевича на должность судьи Верховного Суда Республики Казахстан.

Второе. В соответствии с подпунктом 1) статьи 55 Конституции Республики Казахстан, подпунктами 1 и 8 пункта 3 статьи 34 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» рекомендовать Сенату Парламента Республики Казахстан освободить от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан Шиппа Дениса Алексеевича в связи с назначением на другую должность.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Коллеги, есть вопросы к Владимиру Васильевичу?

ОРНЫНАН. Нет.

ТӨРАҒА. Вопросов нет.

Құрметті әріптестер, талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше жеке-жеке шешім қабылдайық. Алдымен дауыс беру тәртібін анықтап алайық. Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады.

Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Бірінші, Қанат Сергейұлы Мусинді Жоғарғы Сот судьясы қызметіне сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Екінші, басқа қызметке тағайындалуына байланысты Денис Алексеевич Шиппті Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті сенаторлар! Конституцияға сәйкес Жоғарғы Сот судьяларының анттарын қабылдау Сенаттың ерекше қарауына жатады.

Жоғарғы Сот судьясы қызметіне алғаш рет сайланған азамат ант беруі керек.

Ант беру үшін мінбеге Мусин Қанат Сергейұлы шақырылады.

МУСИН Қ.С. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.

МУСИН Қ.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары! Артқан сенімдеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Жаңа салада абыройлы жұмыс істеуге бар күшімді саламын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, Жоғарғы Сот судьясы қызметіне Мәжіліс комитетінің төрағасы болған тәжірибелі және білікті заңгер Қанат Сергейұлы Мусинді сайладық.

Қанат Сергейұлы, сізді құттықтаймыз. Жауапты қызметті абыроймен атқарасыз деп сенеміз. Жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз.

Уважаемые коллеги, сегодня мы освободили от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан Шиппа Дениса Алексеевича в связи с назначением на должность Председателя Высшего Судебного Совета.

Поздравляем Вас, Денис Алексеевич, с назначением на эту ответственную должность и желаем успехов, реализации всех задач, поставленных Главой государства.

ШИПП Д.А. Спасибо.

ТӨРАҒА. Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Мусин Бағдат Батырбекұлына беріледі.

МУСИН Б.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «Байқоңыр» кешені Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайында 20 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келеді.

Жалға беру туралы шешім 1994 жылы қабылданды, бұл кезде Қазақстанның ауыр экономикалық жағдайда «Байқоңыр» ғарыш айлағын ұстау және пайдалану мүмкіндігі болмаған еді. Жасалған жалдау шартына сәйкес Ресей Байқоңыр қаласы мен ғарыш айлағын өзінің ғарыштық бағдарламаларын орындау үшін пайдалану құқығымен ұстау жөнінде өзіне міндеттеме алды. Жалға беру шартына сәйкес «Байқоңыр» кешені жалға беру мерзімін келесі 10 жылға ұзарту мүмкіндігімен Ресей Федерациясына 20 жылға жалға берілді.

Жалға беру шартынан басқа «Байқоңыр» кешенінің қызмет етуінің түрлі мәселелерін реттейтін 70-ке жуық нормативтік-құқықтық актіге – халықаралық шарттарға қол қойылды.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы бүгінгі таңда ойдағыдай жұмыс істеуде. Республикалық бюджетке жыл сайын «Байқоңыр» кешенін пайдаланғаны үшін 115 миллион АҚШ доллары сомасында қаражат түседі. «Байқоңыр» кешенін жалға алған 27 жыл ішінде республикалық бюджетке шамамен 3,1 миллиард доллар қаржы түсті.

Тараптардың өзара мүдделерін ескере отырып, 2004 жылы «Байқоңыр» кешенін жалға алу мерзімі 2050 жылға дейін ұзартылды. Бұл ретте 2004 жылғы 9 қаңтардағы «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы мемлекетаралық келісімде Қазақстанның ғарыш айлағында бірлескен жобаларды іске асыруға қатысты мүмкіндіктерді, сондай-ақ ғарыш айлағын жаңғырту, жаңа экологиялық қауіпсіз ғарыш зымыран кешендері арқылы ғарыш айлағы қызметінің экологиялық қауіпсіздігін арттыру көзделген.

2020 жылғы қаңтарда қол қойылған Байқоңыр қаласын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасы әзірленді және іске асырылуда, ол кәсіпкерлікті, туризмді дамытуды, инженерлік инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізуді, қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуді көздейді.

Көп пәтерлі тұрғын үйлерді газдандыру аяқталды, бұл тұрғындар үшін газ тарифін 16 есеге төмендетуге мүмкіндік берді.

2019 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 50 пәтерлі бес тұрғын үй салынды және бүгінгі күні барлық пәтерлер қала тұрғындары мен республиканың азаматтарына берілген.

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттамаға 2018 жылғы 9 қарашада Петропавл қаласында қол қойылды.

Заңды қабылдау республикалық бюджетке түсетін кірістердің қысқаруына немесе шығыстардың ұлғаюына әкеп соқпайды.

Ресей тарапы осы хаттаманың күшіне енуі бойынша мемлекетішілік рәсімдерді орындады.

Құрметті депутаттар, осы заң жобасын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне арналады.

Тарихында 3 мыңнан астам ғарыш зымыраны мен 150-ге жуық ғарышкерді орбитаға ұшырған, әлемдегі ең сенімді және белсенді «Байқоңыр» ғарыш айлағын 2050 жылға дейін Ресей Федерациясына жалға беру кезеңінде республикалық бюджетке жылына 115 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы түседі және осыған дейін 27 жыл ішінде бюджетке шамамен 3,1 миллиард АҚШ доллары түскен болатын. Алайда тарихи ғарыш кешені орналасқан, 76 мыңнан асатын тұрғыны бар, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтары 49 мыңнан астам Байқоңыр қаласын дамыту кезінде бірқатар проблемалық мәселелер туындап отыр. Атап айтқанда, Ресей тарапынан қолданыстағы инфрақұрылымды күтіп-ұстауға ғана қаражат бөлінуде. Қаладағы тұрғын үй қоры жаңартылмайды және инженерлік инфрақұрылымы мен әлеуметтік нысандардың тозығы жеткен. Қазақстан тарапы да қолданыстағы заңнамалар негізінде Байқоңыр қаласының инфрақұрылымдық жобаларын тікелей қаржыландыра алмайды. Сонымен қатар қаржы жетіспеушілігі салдарынан Қазақстан Республикасы азаматтарын сапалы біліммен қамтамасыз ету кезінде проблемалық мәселелер орын алып отыр. Атап айтқанда, қалада барлығы 9200 оқушы тәлім алатын 12 мектеп бар, оның ішінде Ресей Федерациясының 7 мектебінде 4 мың оқушы және Қазақстан Республикасының 5 мектебінде 5 мың 200 оқушы білім алуда. Ресейлік мектептегі 4 мың оқушының 1 мың 408 оқушысы Қазақстан Республикасының азаматы. Олардың ресейлік білім беру бағдарламасын оқуына байланысты мемлекеттік грантпен жоғары оқу орнына түсу кезінде қиындықтар туындайды.

Осыған байланысты сұрақ:

Біріншіден, қолданыстағы заңнамаларға өзгеріс енгізіп, жалға алу кезінде төленетін түсімдер есебінен Байқоңыр қаласы және оған іргелес жатқан Төретам мен Ақай елді мекендерін дамытуды қаржыландыру жұмыстары қалай және қашан іске асырылмақ?

Екіншіден, Байқоңыр қаласының 11 мың 606 пәтерінде тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының баспанасын жекешелендіру мәселесі де қалай және қашан шешімін табады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ербол Шырақпайұлы, жауап беріңіз.

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Құрметті Бекболат Серікбекұлы, құрметті депутаттар! Өте күрделі, өте актуалды сұрақтар қойып отырсыздар.

Бірінші сұрақ жайында айтсам, «Байқоңыр» кешенінен түсіп отырған жалдау ақысын нысаналы түрде Байқоңыр қаласына, Төретам, Ақай елді мекендеріне арнайы түрде жіберу, дамуын қаржыландыру мәселесі тұжырымдамалық мәселе. Мемлекеттік органдардың арасында ол мәселе бірнеше рет талқыланды.

Түсіндіріп кетейін, түсіп жатқан жалдау ақысы – салық емес түсімдер. Олар бірыңғай қазынашылық шотқа – бюджетке түседі. Оның бір бөлігін арнайы түрде осы елді мекендердің дамуына жіберу мүмкін емес, себебі ол бюджеттік принциптерге қайшы келеді. Оған қарамастан осы елді мекендерді, Байқоңыр қаласының инфрақұрылымын қаржыландыру үшін толық мүмкіндік бар деп санаймын. Себебі осы 2021 жылы Байқоңыр қаласы мен Төретам елді мекенін қаржыландыру үшін нысаналы трансферт арқылы бюджеттен 2,5 миллиард теңге жоспарланған. Жалпы Қызылорда облысына республикалық бюджеттен 22,7 миллиард теңге көзделіп отыр. Сондықтан мүмкіншілік бар, нысаналы трансферт арқылы республикалық бюджеттен осы мақсаттарға ақша жіберуге дайынбыз. Ол үшін әрбір министрлік өз құзыреттері шегінде ұсыныстарды дайындап, Қаржы министрлігіне енгізулері қажет. Бұл бірінші сұрақ бойынша.

Құрметті Бекболат Серікбекұлы, екінші сұрақ бойынша айтсақ, Байқоңыр қаласындағы 11 мыңға жуық пәтерді жекешелендіру мәселесі бұрыннан келе жатқан өте күрделі мәселе. Оны жекешелендіру үшін қолданыстағы тұрғын үй заңнамасына өзгерістер енгізудің қажеті жоқ. Біріншіден, ол Қызылорда облысы әкімдігінің құзыреті. Жекешелендіру процесін бастау үшін Қызылорда облысының әкімдігі сол пәтерлерді Ресей тарапының жалдауынан шығару керек. Ол жалдаудан шығару үшін «Байқоңыр» кешенінің мәселелері бойынша Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының күн тәртібіне енгізіп, пысықтап, Ресей тарапынан (Байқоңыр әкімшілігінен) келісім алу керек. Сол пәтерлерді жалдаудан шығарып, сосын пәтерлерді Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне өткізу керек. Пәтерлерді өткізген соң қолданыстағы заңнамаға сәйкес жекешелендіру процесін бастап жүргізуге болады. Ол жұмыс басталды, қазір жүргізіп жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ербол Шырақпайұлы, осы жұмысты өздеріңіздің бақылауларыңызда ұстауларыңыз керек. Өзіңіз бар, әріптестеріңіз бар комиссияда да көтеріп, Үкіметте де көтеру керек.

Сенаторлардың көтеріп отырғаны өте орынды мәселе. Бекболат Серікбекұлы өте орынды мәселені көтеріп отыр, халықтың айтып жатқан мәселелерінің бірі. Сондықтан мүмкіндік бар деп осымен шектеліп қана қоймай, әрі қарай жұмыс істеу керек, жекешелендіруге шығарып беруге көмектесу керек. Келістік қой?

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. Келістік.

ТӨРАҒА. Жақсы. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бағдат Батырбекұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Мұсабаев Талғат Амангелдіұлына беріледі.

МҰСАБАЕВ Т.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! 2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімде көзделген міндеттемелерді іске асыру мақсатында 2018 жылғы 9 қарашада қаралып отырған хаттамаға Петропавловск қаласында қол қойылған.

«Байқоңыр» кешенін жалға беру шартының 4-бабына түзетулер енгізу бөлігінде хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасы «Байқоңыр» кешенін 2050 жылға дейін жалға алуды ұзарту және пайдалану туралы міндетті іске асыруға мүмкіндік береді.

Әзірлеуші баяндағандай, хаттаманы ратификациялау «Байқоңыр» кешенінің ғылыми-техникалық, өндірістік және әлеуметтік-мәдени әлеуеті мен инфрақұрылымын сақтауға, тиімді пайдалануға және дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ өңірдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Құрметті әріптестер, Сенаттың тұрақты комитеттері оң қорытындыларын берді. Жұмыс тобында заң жобасы жан-жақты қаралды және зерттелді. Баяндалғанды ескере отырып, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Талғат Амангелдіұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мен бұл заң жобасын қолдаймын. Сөзсіз, Экономикалық тұрғыдан бұл келісімшарт біздің елімізге тиімді. Сонымен қатар көптеген ғылыми зерттеулердің нәтижелері зымыран-ғарыш техникасын пайдалану кезінде орын алатын, әсіресе апатты жағдайлар болғанда қоршаған ортаның барлық объектілеріне, яғни топыраққа, суға, атмосфералық ауаға, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне теріс әсерін тигізетінін айқын растайды.

Бұрын зымыран отыны ретінде кеңінен пайдаланылған гептил қауіптіліктің бірінші класына, яғни заттардың ең қауіпті тобына жатады. Бұл өте улы зат, сонымен қатар тірі организмдерге канцерогенді, яғни қатерлі ісік тудыратын әсер ету қабілетіне ие. Мамандардың пікірінше гептилдің қоршаған ортада сақталуы өте ұзаққа созылмайды, бірақ оның туындылары топырақта ондаған жылдар бойы (кейбір мәліметтер бойынша 30-40 жылға дейін) сақталуы мүмкін.

Еліміздің ғалымдары бұл мәселе бойынша жүргізген зерттеулерге келетін болсақ, олар зымыран-тасығыштардың бөлшектері құлаған аудандарда апат болғаннан кейін іргелес аумақтардағы халықтың денсаулық жағдайын бағалау бойынша әдістемелік

ұсынымдар әзірлеген. Модельдік эксперименттерде гептил қалдықтарының әсерін, сондай-ақ мутагендік өзгерістер зерттелді. Байқоңыр ауданында және тасымалдағыш зымырандар құлаған аймақтарда тұратын халықтың денсаулығына гептил мен оның ыдырау өнімдерінің организмге тиетін әсері бойынша ғылыми медициналық-биологиялық бақылаулар жүргізді. «Протон-М» тасымалдағыш зымыранының қоршаған ортаға және ауылшаруашылық жануарларына тиетін әсері туралы жекелеген зерттеулер де бар. Алайда бүгінгі күнге дейін аталған өңірлердің қоршаған ортасына, жануарлар дүниесіне, ең бастысы, біздің азаматтарымыздың денсаулығына зымыран техникасын пайдаланудан тиетін зардаптар туралы толыққанды ақпарат жоқ.

Осыған қол жеткізу үшін ең алдымен біз қоршаған ортадағы гептил метаболиттеріне (оларды топырақта, суда және өсімдіктерде анықтау арқылы) зымыранның бүкіл ұшу траекториясы бойынша және тасығыштардың бөліктері құлаған аудандарда түгендеу, яғни инвентаризация жүргізуіміз керек.

Екіншіден, Қазақстан жағдайында гептилдің өнімдеріне гигиеналық нормативтерді, яғни олардың шекті мөлшерін анықтау өте маңызды.

Үшіншіден, ең бастысы, ұшқан зымыран тасығыштардың бөлінетін бөліктері құлайтын аудандардың аумағында және апат болған жерлерде, әсіресе зымыран отыны төгілген аудандарда тұратын халықтың сырқаттану құрылымын егжей-тегжейлі зерттеу өте маңызды.

Өңделмеген зымыран отынымен ластанған аумақтардың экологиялық жүйесі күрделі болуы мүмкін, бұл процестерді зерттеу айтарлықтай уақыт пен ресурстарды талап етеді. Сондықтан екі ел арасындағы жекелеген келісімдер аясында осы саладағы ғалымдар мен экологтардың зерттеулерін қаржыландыру арқылы кешенді жұмыстар жүргізу керек деп санаймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы поляр маңындағы орбиталарға солтүстік бағытта ғарыш аппараттарын ұшыру үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандарды ұшыруды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Мусин Бағдат Батырбекұлына беріледі.

МУСИН Б.Б. Құрметті Төраға, құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы поляр маңындағы орбиталарға солтүстік бағытта ғарыш аппараттарын ұшыру үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандарды ұшыруды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге 2019 жылғы 20 маусымда Нұр-Сұлтан қаласында қол қойылды.

Келісім бүкіл әлемді кең жолақты интернетпен қамтамасыз етуге бағытталған «OneWeb» халықаралық жобасын жүзеге асыру үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыру кезінде Қостанай облысының аумағында «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандардың бөлінетін бөліктерінің құлау ауданын Ресей тарапынан пайдалану тәртібін реттейді.

Құлау ауданын пайдалану үшін Қостанай облысының Жангелдин ауданының әкімшілігіне түсетін жылына үш рет ұшыру үшін 460 мың АҚШ доллары көлемінде төлемақы анықталған. Ал қосымша ұшыру болған жағдайда әрбір ұшыру үшін 50 мың АҚШ доллары көлемінде төлемақы төленетін болады.

Құлау ауданы жылына небәрі бірнеше рет сервитут шартымен қолданылып отыратын болады. Үш-алты тәулік аралығын құрайтын бұл кезеңде адамдар мен үй малының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құлау ауданына кіру жабық болады. Қалған уақытта құлау ауданында жүруге және оны жайылым ретінде пайдалануға шектеу қойылмайды. Адамдардың құлау ауданынан тысқары жерлерде тұруы қауіпсіз болып табылады. Сонымен қатар тасымалдағыш зымыранды әрбір ұшырған сайын жақын маңдағы елді мекендердің тіршілік ортасына гигиеналық баға беру жұмыстары жүргізіліп отырады. Тіршілік ортасының сынамалары алынатын болады.

Құлау ауданын пайдалану кезінде жануарлар мен өсімдіктер әлеміне жыл сайын мониторинг жүргізу көзделуде. Табиғатты қорғау ұйымдарының киіктердің төлдеу және құстардың ұя салу кезеңінде құлау ауданын пайдалануды шектеу туралы талаптары орындалатын болады, яғни сәуір мен маусым айлары аралығында тасымалдағыш зымырандар ұшырылмайды.

Келісімді ратификациялау «Байқоңыр» кешені бойынша қазақстандық-ресейлік ынтымақтасты кеңейтуге және «Байқоңыр» кешенінің барлық тұрмыс-тіршілігіне оң әсерін тигізіп, «Байқоңыр» ғарыш айлағы жүктемесін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Союз-2» тасымалдағыш-зымыраны экологиялық қауіпсіз керосин-оттегі (гептил емес) отынымен жұмыс жасайды. Келісім шарттарына сәйкес тасымалдағыш-зымырандардың бөлінетін бөліктерін қабылдау аудандарындағы экологиялық жағдайға мониторинг жүргізуге қазақстандық мамандар мен ұйымдар қатысады және бақылайды.

Ресей тарапынан осы келісімнің күшіне енуі туралы ішкі мемлекеттік рәсімдер орындалды.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?
Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Бағдат Батырбекұлы, келісімнің 4-бабының екінші абзацына сәйкес Қостанай облысының Жангелдин ауданының аумағы 67,4 мың гектар құрайтын жер учаскесін тасымалдағыш зымырандардың құлау ауданы ретінде пайдалану және де оны пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары сервитут шарты негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мөлшерлемелер бойынша белгіленетіні көзделген. Сонымен қатар осы баптың төртінші абзацы бойынша құлау аудандарын пайдаланғаны үшін Жангелдин ауданы әкімдігіне жыл сайын төленетін төлемақы 460 мың АҚШ доллары көлемінде бекітілген.

Келісімнің осы нормаларын ескеретін болсақ, құлау аудандарын пайдаланғаны үшін төлемдер екі компоненттен тұруы тиіс: 1) төлем, ол – сервитут шарты бойынша төленетін төлем, яғни құлау ауданында орналасқан шаруашылық субъектілердің жер пайдалануына шектеу қойылуына байланысты оларға төленетін өтемақы және де олар жыл сайын өзгеріп отыруы мүмкін, 2) төлем, ол – үш ұшырылым үшін жыл сайын төленетін тұрақты төлемақы.

Сіздің баяндамыңызда тек бір ғана төлем, яғни 460 мың АҚШ доллары туралы айтылып отыр, ал сервитут шарты бойынша төлемдер туралы басқа ақпараттар жоқ. Аталмыш мәселе келісімді іске асыру барысында қарама-қайшылықтарды тудырмайды ма? Осы туралы сіздің ойыңыз қандай? Рақмет.

МУСИН Б.Б. Рақмет.

Құрметті депутаттар, өте дұрыс сұрақ. Сервитут шарты бойынша төленетін төлем – бірінші компонент, ол біздің заңнамаға сәйкес бюджетке төленетін болады, яғни сіз айтқандай, ол компонентті төлем болады. Біріншісі – сервитут шарты бойынша біздің бюджетке төленетін бірінші компонент төлемі, екіншісі – жаңа мен айтып кеткен үш ұшырылым үшін 460 мың АҚШ доллары, яғни екі бөлек төлем қарастырылған және Қазақстанның заңнамасына сәйкес төленетін болады.

ТӨРАҒА. Сервитут шарты бойынша төлем қалай анықталады? Ол мына шартта жоқ болып тұр ғой (соған байланысты мәселелер).

МУСИН Б.Б. Ол біздің заңнамаға сәйкес (жылжымайтын мүлікті тіркеу және Жер кодексіне байланысты) төлем төленетін болады. Бірінші төлем төленді, Ресей тарапынан ешқандай қарама-қайшылықтар жоқ.

ТӨРАҒА. Жақсы. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бағдат Батырбекұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Мұсабаев Талғат Амангелдіұлына беріледі.

МҰСАБАЕВ Т.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған келісім «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшыруды жүргізу кезінде Қостанай облысының аумағында «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандардың бөлінетін бөліктерінің құлау ауданын Ресей тарапынан қолдану тәртібін реттейді.

Келісімде тараптардың халық пен аумақтардың, сондай-ақ құлау ауданының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелері нақты жазылған. Әзірлеуші баяндағандай келісімді ратификациялау «Байқоңыр» ғарыш айлағын коммерциялық ұшырулармен жүктеуді ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл бүкіл «Байқоңыр» кешенінің тіршілігіне оң әсерін тигізеді.

Заң жобасын қабылдау республикалық және жергілікті бюджеттерден қосымша шығындар мен теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкелмейді.

Құрметті әріптестер, Сенаттың тұрақты комитеттері оң қорытындыларын берді. Жұмыс тобында заң жобасы жан-жақты қаралды және зерттелді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Талғат Амангелдіұлы.

Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жок.

ТӨРАҒА. Олай болса, заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы поляр маңындағы орбиталарға солтүстік бағытта ғарыш аппараттарын ұшыру үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандарды ұшыруды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Байқоңыр – адамзатқа ғарыш әлемінің қақпасын ашқан алғашқы ғарыш айлағы. Қазіргі таңда да Байқоңырдың ғарышты игеруде орны бөлек. Сондықтан оны тиімді пайдалану аса маңызды. Соның аясында қабылданған бұл заңдар екі ел арасындағы ынтымақтастықты арттыруға және Байқоңырды дамытудың ұзақ мерзімді жоспарын айқындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл құжаттар жаңа технология, ғылым салаларында өзара серіктестікті нығайтуға тың серпін береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Келесі қаралатын мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Бұл заң жобасын Парламенттің бір топ депутаты әзірледі. Бастамашы топтың атынан баяндама жасау үшін сөз Сенат депутаты Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі қаралып отырған заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық етті.

Аталған заң жобасы мүгедек адамдардың кемсітусіз білім алу құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді. Сондай-ақ 2015 жылы Қазақстанда ратификацияланған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға сәйкес келтіруге бағытталған.

Заң жобасын әзірлеу барысында халықаралық практика жан-жақты зерделенді.

Біздің елімізде ерекше білім беруді қажет ететін 162 мыңнан астам бала немесе балалардың жалпы санының 2,7 пайызы білім беру процесіне ерекше көзқарасты талап етеді. Осыған байланысты 2011 жылдан бастап Қазақстанда инклюзивті білім беруді кезең-кезеңмен дамыту басталды. Сондықтан заңнамалық деңгейде реттеуді талап ететін мәселелер заң жобасында көрініс тапты.

Атап айтқанда, ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік және медициналық, педагогикалық түзеу арқылы қолдау мәселелерін мемлекеттік реттеу тұрғысынан құзыретті органдардың функциялары нақтыланды. Мысалы, заң жобасының нормасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар скрининг нәтижелерін және қатер тобындағы балаларды ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық, медициналық, педагогикалық консультацияларға жіберуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар заң жобасында білім берудің барлық деңгейлерінде оқыту үшін арнайы жағдайлар жасау есебінен ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін мемлекеттік кепілдіктер қарастырылған. Бұған қоса заң жобасының нормасына сәйкес мемлекет ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім алу нысандарын таңдау құқығын бере отырып, олардың жеке даму ерекшеліктерін ескеріп, өмір бойы оқуын жалғастыруына, өздерінің қабілеттерін еркін дамытуға жағдайлар жасайды.

Қолданыстағы заң бойынша балаларды жалпы білім беретін ұйымдарға қабылдау кезінде балалардан ПМПК-ның қорытындысы талап етілетін болатын. Енді заң жобасында ерте скрининг қорытындыларын медициналық ұйымдардың ПМПК-ға беру арқылы балалардың ерекше қажеттіліктерін ерте анықтауы қарастырылған. Мұндай балаларды оқыту олардың ерекше қажеттіліктерін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда мектептерде ерекше балаларды оқытатын педагогтардың психологиялық-педагогикалық қолдау функциялары заңнамалық түрде бекітіліп, жүзеге асырылады.

Заңнамадағы олқылықтарды жою үшін осы заң жобасымен мектептерде психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру нормалары енгізілді. Әлеуметтік педагог, психолог, арнайы педагог, пән мұғалімдері және басқа да педагогтардың жұмыс тәртібін қамтитын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мен оның қағидалары әзірленетін болады. Бұл ерекше балаларға біртіндеп жалпы білім беру

процесіне қосылуға мүмкіндік береді. Білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары әзірленеді, онда баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жағдай жасау алгоритмі көзделетін болады.

Білім алу үшін шарттардың бірі үлгілік оқу бағдарламаларын баланың білім беру қажеттіліктеріне бейімдеу болып табылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі санаттары үшін бейімдеу олардың жеке ерекшеліктерін сәйкес жүзеге асырылады. Алайда бүгінгі күнге дейін үлгілік оқу бағдарламаларын бейімдеу процесі нормативтік бекітусіз жүзеге асырылды. Осыған байланысты депутаттар «Білім туралы» Заңға тиісті толықтырулар енгізді. Ерекше балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы басты мәселе – ерте анықтау және уақытылы көмек көрсету. Қазіргі уақытта түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының жетіспеушілігіне байланысты балалардың осындай көмекті толығымен алуға мүмкіндігі болмай отыр. Сондықтан бұл мәселені шешу мақсатында депутаттар арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын енгізді. Бұл жеке секторды пайдалана отырып мемлекеттік бюджеттің күрделі шығындарынсыз барлық балаларды түзету көмегімен қамтуға мүмкіндік береді.

Заң жобасы ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру саласындағы негізгі заңнамалық акт болып табылады және оның қабылдануы инклюзивті білім беруді сапалы іске асыру үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д. Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Алдымызда 2025 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарына сәйкес білімнің қолжетімділігін және инклюзивтілігін қамтамасыз ету және барлық білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау мақсаты тұр.

Әріптестеріміздің бүгінгі бастамасы сол 2011 жылдан бері кезең-кезеңмен енгізіліп отырған инклюзивті білім берудің заңнамалық негіздерін одан әрі жетілдіруге бағытталып отыр. Әрине, мен мұны сөзсіз қолдаймын.

Қарауымыздағы заң жобасында оқу процесінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдап отырудың арнайы шарттары қарастырылған. Ал менің ойымша дәл осындай балалардың ата-аналарына да моральдық-психологиялық көмек керек. Осыған орай менің сұрағым Білім және ғылым министрлігіне.

Ата-аналармен қандай жұмыс жүргізіледі, оларға осыған байланысты қандай тиісті мамандар көмек көрсетеді? Бұл бағытта қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр? Міне, осы сұраққа жауап берсеңіз.

ТӨРАҒА. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Каримова Шолпан Таңатқызы, жауап беріңіз.

КАРИНОВА Ш.Т. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Осы қаралып отырған заң жобасында ерекше білімді қажет ететін балаларды педагогикалық-психологиялық қолдаудың арнайы шарттары қарастырылған. Бұл заң жобасында оқушыларды осы сүйемелдеумен жүргізу олардың нақты білімге қажеттіліктерін бағалау нормасын енгізу арқылы және соның нәтижесінде әр балаға тиісті түзету жұмыстарын жасау арқылы көрсетілген.

Ата-аналарға келетін болсақ, бұл заң жобасында бұл сұрақтың заңнамалық негізі бар. Өйткені Нариман Төреғалиұлы айтқандай, қазіргі күні заң жобасына енгізіліп жатқан денсаулық сақтау ұйымдары жүргізетін скринингте жаңа туған баланың толық деректері, егер де баланың арнайы ерекшеліктері анықталған болса, бірден ПМПК-ға жіберіледі. Сонда жаңа туған баланың туған күнінен бастап ата-аналарымен ПМПК байланыста болып, оның әрі қарайғы түзету жұмыстарын реттейтін болады. Сонымен қатар заң күшіне енген соң Білім және ғылым министрінің тиісті үлгілік ережелеріне де қажетті өзгерістер енгізілетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Нариман Төреғалиұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Аталған заң жобасының негізгі мақсаты арнайы және инклюзивті білім беру саласының нормативтік құқықтық базасын жетілдіруге бағытталған. Заң жобасы бойынша бастамашы топтың атынан сенатор Нариман Төреғалиұлы жан-жақты баяндап берді, сол себептен мен қайталамаймын.

Заң жобасы бойынша төрт жұмыс тобының отырысы өткізілді. Заң жобасын қарастыру барысында жұмыс тобы мүшелерінің, министрліктердің, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың, ата-аналар қоғамдастығының, педагогтардың, білім алушылардың, білім беру ұйымдары басшыларының, білім басқармалары мамандарының, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің ұсыныстарындағы өзекті мәселелер егжей-тегжейлі талқыланды. Жоба балаларымыздың денсаулық ерекшеліктеріне қарамастан білім алу мүмкіндігін теңестіруге заңнамалық негіздерді қалыптастыруды көздеп отыр.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы қорытындысы бойынша берген мәліметтеріне сәйкес 2 мың 798 мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымының 1 мың 626-ы инклюзивті білім беру үшін жасақталған, бұл 58,1 пайызды құрайды. 6 мың 956 мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарының 5 мың 465-і инклюзивті білім беру үшін құрылған, ал бұл 78,6 пайызды құрайды.

Бүгінгі таңда елімізде 454 техникалық және кәсіби білім беру мемлекеттік ұйымдары (ТиПО) жұмыс жасайды, олардың 208-і немесе мемлекеттік колледждердің 45,8 пайызы ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдер үшін тең және кедергісіз

білім алу үшін жағдай жасалған. Барлық 112 жоғары оқу орындарының 17-і инклюзивтік білім беруді қамтиды.

Инклюзивтік білім беру және дефектология саласында жоғары және жоғары білім беруден кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 18 жоғары оқу орны қызметтерін атқаруда.

2020 – 2021 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау бойынша кадрларды даярлау 63 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Қазіргі кезде республикада 9 мың 715 арнайы педагог қызмет көрсетуде. Арнайы білім беру ұйымдарында арнайы педагогтерге қажеттілік 25,1 пайызды құрайды. Осы тұрғыдан инклюзивті білім беру саласындағы негізгі стратегиялық мәселелердің бірі инклюзивті білім берудің мамандарын даярлау деп санаймыз.

Инклюзивті орта құру, әсіресе білім беру саласында үлкен күш пен қаражатты қажет етеді. Білім және ғылым министрлігі алға қойған жоспарлар мен тапсырмаларды өз деңгейінде орындайды және білім мекемелері оған толық дайын болады деген сенімдеміз.

Заң жобасын тұрақты комитеттер мен Сенат Аппаратының бөлімдері қарады. Заң жобасы бойынша комитеттерден және Сенат Аппаратының бөлімдерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назар қойғандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Динар Жүсіпәліқызы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде отандық инклюзияның заңнамалық негізі қалыптасып келеді. Бүгінгі таңда әрбір үшінші мүгедек бала үйде білім алады екен, бұл сапалы білім алуды және өзімен қатарлас құрбы-достарымен қарым-қатынас жасау құқығын шектейтіні рас.

Бүгінгі қаралып отырған заң жобасындағы нормалар, яғни мүмкіндігі шектеулі балаларға жалпыға ортақ білім беру үрдісін енгізіп, оларды оңашалау мен шектеу қаупін төмендетеді.

Инклюзивті білім берудің астарында оқушыны адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу идеологиясы жатыр. Ол балалардың кез келген дискриминациясын жояды, яғни адамдарға бірдей әлеуметтік қарым-қатынасты қамтамасыз етеді, ерекше білім қажеттеліктері бар балаларға тиісті жағдай жасайды. Ерекше мұқтаждығы бар білім алушылар үшін мемлекеттік кепілдіктер көзделген. Осылайша заң жобасы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың мемлекеттік білім беру тапсырысын енгізеді және білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерін реттейді.

Жалпы заң жобасы инклюзивті білім берудің сапасын жақсартады. Сондықтан мен бұл заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы өз Жолдауында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға білім алу үшін тиісті жағдай жасауды тапсырды. Соның аясында Парламент депутаттары осы заңды арнайы әзірледі. Алдағы уақытта бұл заң мемлекеттің білім беру саясатын жетілдіреді және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың кемсітусіз білім алуларына тең мүмкіндіктер туғызады деп сенеміз.

Осы заңға бастамашы болған Парламент депутаттарына алғыс білдіреміз.

Заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бесінші және алтыншы мәселе біздің депутаттарымыз әзірлеген, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мәселелеріне бағытталған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (бірінші оқылым) мен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Заң жобалары бірінші оқылымда қаралады.

Екі заң жобасы бір-бірімен байланысты болғандықтан оларды бірге қарау ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, екі заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз бастамашы топтың атынан Сенат депутаты Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобалары Сенат Төрағасының тапсырмасына сәйкес Парламент депутаттарының бастамасы бойынша әзірленді.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, осы заң жобалары Мәжілістің қарауына енгізілгенге дейін сіздің төрағалығыңызбен ағымдағы жылғы 19 наурызда барлық мүдделі мемлекеттік органдардың, сарапшылар мен әлеуметтік кәсіпкерлердің қатысуымен заң жобаларының ресми тұсаукесері өткенін атап өту жөн.

Заң жобалары бойынша жүргізілген жұмыс мынадай тұжырымдамалық жаңалықтарды көздеу арқылы кәсіпкерліктің жаңа сегментін құқықтық реттеуді және қолдауды қамтамасыз етеді.

Алғаш рет заңнамалық деңгейде әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымы анықталды, ол қазір азаматтар мен қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің кәсіпкерлік қызметі ретінде түсіндіріледі. Сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі үш міндеті заңнамалық түрде бекітілген:

1) әлеуметтік проблемаларды шешу, оның ішінде әлеуметтік инновацияларды енгізу және әлеуметтік қызметтер көрсетуге жәрдемдесу арқылы шешу;

2) халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және олар үшін қоғамдық пайдалы қызметке қатысу үшін басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасау;

3) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері өндіретін тауарларды, орындайтын жұмыстарды, көрсететін қызметтерді нарыққа шығару.

Келесі новелла әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі бағытталған халықтың әлеуметтік осал топтарын анықтау болып табылады. Бұл тізімге 9 санат кірді:

мүгедектер;

мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар мен басқа да заңды өкілдер;

зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар;

балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері (29 жасқа дейін);

қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар (босатылғаннан кейін 12 ай ішінде);

белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар;

аз қамтылған, көп балалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен, «Батыр ана» атағымен немесе I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар;

наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар;

қандастар.

Сондай-ақ аталған заң жобаларының қабылдануымен әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін төрт нақты критерий белгіленетінін атап өткен жөн. Олардың үшеуі халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және өндіретін тауарларды өткізуге ықпал ету, сол тауарларды өндіру арқылы қолдауға бағытталған.

Төртінші критерий денсаулық сақтау, білім беру, тәрбие, мәдениет, спорт және экология салаларында әлеуметтік қызметтер көрсету қажеттілігін көздейді. Сонымен бірге төрт критерийлердің үшеуі үшін осындай әлеуметтік маңызы бар қызметтен түсетін табыс

жалпы табыстың кемінде елу пайызын құрауға тиіс екендігі міндетті болып табылады. Сондай-ақ таза кірістің кемінде жартысы осы қызметке бағытталуы керек. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерімен өзара іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органдарды айқындау да маңызды болып табылады. Осылайша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін құру болжанады, онда болу заңдылығын өңірлік комиссия айқындайтын болады.

Мемлекеттік қолдау шаралары әлеуметтік кәсіпкерлер үшін үлкен демеу болады. Оларға мыналар жатады:

қолдау инфра-құрылымының болуын қамтамасыз ету;
қаржылық қолдау;
мемлекеттік мүлікті жеңілдік шарттармен жалға беру;
әдістемелік және ақпараттық қолдау;
іскерлік серіктестерді іздеуге жәрдемдесу;
оқытуды ұйымдастыру;
гранттар беру.

Салық жеңілдіктері де қарастырылған. Бұл салық салынатын табысты халықтың әлеуметтік әлсіз топтағы қызметкерлерді оқытуға жұмсалған шығын мөлшерінде азайтуға арналған құқық. Алайда айлық есептік көрсеткіштің мөлшері жүз жиырмадан аспауы керек. Сондай-ақ салық базасына 0,5 пайыз мөлшерінде мүлік салығы қарастырылған.

Айта кету керек, бүгінде Қаржы министрлігінің мәліметінше әлеуметтік бағыттағы қызметі бар жүзге жуық субъект жеңілдетілген салық салуға ие. Сонымен қатар жоғарыда аталған салықтық преференциялар қолдаудың осы түрін алушылардың санын кеңейтуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Құрметті әріптестер! Аталған заң жобаларын Мәжілісте қарау барысында нақтылау сипатындағы түзетулермен қатар Мемлекет басшысының кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі, сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды және «Қызылжар» арнайы экономикалық аймағын одан әрі дамытуға қатысты жекелеген тапсырмаларын орындау шеңберінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Жалпы қаралып отырған заң жобалары халықтың әлеуметтік осал топтарының өзекті мәселелерін шешумен қатар елдегі әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерік Хамзаұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобалары бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован вице-министру национальной экономики Республики Казахстан.

Законопроектом предусматривается норма по продлению срока действия налогового режима розничного налога с 1 января 2023 года до 1 января 2025 года только для сферы общественного питания. При этом механизм применения данного режима не меняется, но ставка повышается с 3 до 6 процентов

В конце прошлого года были внесены изменения в Налоговый кодекс, которыми предусмотрено внедрение временного налогового режима в целом для малого и среднего бизнеса, пострадавшего от пандемии. Тогда утверждалось, что с начала этого года на данный режим перейдут более 2000 налогоплательщиков. Но по сведениям Министерства финансов, на сегодняшний день по данному режиму работают всего 230 налогоплательщиков. В связи с этим у меня вопросы.

Первое. Почему не подтвердился прогноз по переходу более 2000 налогоплательщиков на режим розничного налога?

Второе. Сколько из 230 налогоплательщиков, работающих по данному режиму, осуществляют деятельность в сфере общественного питания? Почему ставка 6 процентов должна быть привлекательной для данной сферы, есть ли у вас обоснованный прогноз по увеличению количества налогоплательщиков в сфере общественного питания? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Жақсылықов Тимур Мекешұлы, жауап беріңіз.

ЖАҚСЫЛЫҚОВ Т.М. Спасибо за вопросы.

Относительно количества налогоплательщиков, перешедших на режим розничного налога. По обновленным, актуализированным данным, которые нам представил Комитет государственных доходов, на сегодняшний день 334 налогоплательщика выбрали для себя этот режим.

Хотелось бы отметить, что 2000 налогоплательщиков мы прогнозировали, исходя из срока действия данного режима в течение 2021 и 2022 годов. Полагаем, что при усилении разъяснительной работы с налогоплательщиками до конца этого года обеспечим 2000 налогоплательщиков, перешедших на данный режим, как это прогнозировалось ранее.

По второму вопросу. Да, действительно, с 1 января 2023 года по 1 января 2025 года данным законопроектом предлагается продление режима розничного налога для сферы общественного питания. Ставка налога будет 6 процентов.

Почему это будет выгодно? Дело в том, что данный вид налога будет особенно выгоден для предприятий, у которых обороты превышают порог по НДС, то есть больше 30 тысяч МРП, или 87 миллионов тенге.

В данном случае налогоплательщики, которые выберут режим розничного налога, не будут плательщиками НДС, они не будут уплачивать социальный налог, то есть будут значительно экономить на налоговых платежах.

Кроме того, этот налог будет администрироваться, рассчитываться очень просто, без применения вычетов и корректировок, без ведения специальных учетов по НДС. Для налогоплательщиков он будет простым и удобным. Поэтому мы полагаем, что для предприятий это будет действительно выгодно.

Касательно увеличения количества налогоплательщиков, которые будут переходить на данный вид налога, хотелось бы отметить, что у нас не стояла цель – охватить как можно большее количество перешедших на данный режим. Целью данного

режима является, во-первых, помощь сфере общественного питания, во-вторых, вывод из тени оборотов, в-третьих, легализация трудовых отношений в данной сфере.

Мы прогнозируем, что в течение срока действия этого вида налогового режима налогоплательщики смогут сэкономить и сохранить в оборотном капитале порядка 18 миллиардов тенге. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н.Б. Рақмет.

Менің де сұрағым Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің өкіліне арналады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік институтын дамыту өте маңызды, заң жобасын осы ретте қолдауға тұрады деп есептеймін.

Заң жобасының нормаларына сәйкес кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган, яғни Ұлттық экономика министрлігі жыл сайын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпараттарды жаңартып отырады. 79-4-бап бойынша уәкілетті органның арнайы комиссиясы олар туралы мәліметтерді қарау қорытындыларына қатысты жаңа әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу құқығы көзделіп отыр.

Егер қандай да бір себептермен әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінде мемлекет тарапынан преференциялар алған өлшемшарттар өзгерген жағдайда кәсіпкерлердің осы тізілімінен алып тастау тетігі қандай?

Осы жөнінде білгім келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Тимур Мекешұлы, жауап берсеңіз.

ЖАҚСЫЛЫҚОВ Т.М. Сұрағыңызға рақмет. Маған орыс тілінде жауап беруге рұқсат етіңіздер.

Как указано в законопроекте, реестр субъектов социального предпринимательства будет утверждаться уполномоченным органом по предпринимательству не позднее 1 февраля текущего года по состоянию на 31 декабря предыдущего года. Этот реестр будет утверждаться на основании тех сведений, которые будут предоставляться местными исполнительными органами по итогам рассмотрения специальными комиссиями, которые, как было сказано докладчиком, будут состоять из представителей государственных органов, профсоюзов, общественности и НПП «Атамекен».

В течение года социальные предприниматели, которые войдут в данный реестр, не могут быть исключены из реестра. Но для того чтобы в дальнейшем оставаться субъектом социального предпринимательства, необходимо подтверждать этот статус. Специальные комиссии при местных исполнительных органах будут рассматривать их вновь и актуализировать сведения. Если не будет соответствия одному из четырех критериев, о которых уважаемый докладчик говорил, то статус социального предпринимателя возобновляться для таких предприятий не будет. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Мой вопрос адресован вице-министру финансов Республики Казахстан.

В рассматриваемом проекте закона одной из мер государственной поддержки является право на уменьшение налогооблагаемого дохода в размере произведенных расходов на обучение, повышение квалификации или переподготовку работников, относящихся к социально уязвимым слоям населения. Мера хорошая. Однако она не может превышать 120-кратного размера МРП.

В этой связи скажите, пожалуйста, можно ли рассчитывать в дальнейшем на увеличение данного порога?

Также ответьте, пожалуйста, планирует ли Министерство финансов вместе с депутатами Сената продолжить проработку вопроса предоставления новых налоговых преференций для социальных предпринимателей нашей страны? Спасибо.

ТӨРАҒА. Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Сұлтанғазиев Марат Елеусізұлы, жауап беріңіз.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. Сұрақтарыңызға рақмет.

На самом деле сегодня подобная льгота у нас есть для предприятий, осуществляющих деятельность в социальной сфере. Таких предприятий, где работают инвалиды, насчитывается чуть более 100.

Более того, есть список грантов, выделенных таким же отдельным предприятиям. Таких предприятий порядка 150.

Почему рассчитано 120 МРП? Изначально, до обсуждения в Мажилисе, были такие мысли – просто в двукратном размере от расходов на образование. Теперь твердую цифру как бы утвердили – 120 МРП, это порядка 350 тысяч тенге. То есть среднее образование у нас стоит от 100 тысяч до 200 тысяч тенге, а высшее образование – 350 тысяч тенге.

В случае увеличения таких социальных предпринимателей и рабочих мест этот вопрос совместно с сенаторами дальше будет обсуждаться. Сейчас посмотрим, как пойдет динамика. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ерік Хамзаұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Баяндамашы Парламент депутаттары бастамасымен әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша қаралып жатқан заң жобаларының негізгі аспектілерін жан-жақты түсіндірді. Заң жобалары Қазақстан Республикасында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту тетіктерін заңнамалық

реттеу және жүйелеу мақсатында әзірленді. Заң жобаларымен әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымы, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің негізгі міндеттері мен санаттары, әлеуметтік кәсіпкер мәртебесін беру тетігі, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шаралары бекітіледі.

Заң жобаларына сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік қызметі халықтың әлеуметтік осал топтарын, оның ішінде мүгедектерді, жетім балаларды, аз қамтылған, көп балалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқаларды қолдауға бағытталатын болады. Осылайша негізгі заң жобасы халықтың осы топтарының жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді, олар үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндіруді, сондай-ақ олар өндірген жұмыстар мен қызметтер тауарларын сатуды көздейді.

Әлеуметтік кәсіпкерлер әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізілген жағдайда салық жеңілдіктері, гранттық қаржыландыру, мемлекеттік мүлікті жеңілдетілген шарттармен жалға алу және тағы басқа түрінде өз қызметінде мемлекеттік қолдауға сене алады.

Тізілімді мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен кәсіподақтар өкілдерінің қатысуымен өңірлік комиссия қалыптастыратын болады.

Бұдан басқа Парламент Мәжілісінде кәсіпкерлікті қолдау бойынша іскерлік белсенділікті ынталандыруға, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге және халықтың табысын өсіруге бағытталған, сондай-ақ Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін және «Қызылжар» арнайы экономикалық аймағын дамытуға қатысты түзетулер енгізілді.

Құрметті әріптестер! Баяндалғанды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Сенат отырысының қарауына және Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы мен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын енгізді және бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлімжан Сейітжанұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Парламент депутаттарының бастамашылығымен әзірленген әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша заң жобалары туралы әріптестерім егжей-тегжейлі айтып өтті.

Әлемдік тәжірибеде мемлекет ресурстары шектеулі болған жағдайда әлеуметтік мәселелерді шешу үшін әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытып, осы салаға жеке секторды тартады. Қазіргі таңда Қазақстанның әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға тәжірибесі де, әлеуеті де жеткілікті. Бұл бағытта көптеген бизнес субъектілері жұмыс істеуде. Олар халықтың әлеуметтік осал топтарын белсенді түрде жұмысқа орналастыру және оларды қоғамдық пайдалы қызметке тарту арқылы әлеуметтік кәсіпкерлік қағидаттарын іске асырып келеді.

Қаралып отырған заң жобаларында әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымы, мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған.

Заң жобаларын қабылдау әлеуметтік кәсіпкерліктің заңнамалық базасын қалыптастыруға, азаматтық қоғамды одан әрі дамытуға және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда аталған заң жобаларын толығымен қолдаймын, сондай-ақ әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке осы заң жобаларын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Қаралып отырған заң жобаларын екінші оқылымда қарау мәселесін күн тәртібіне енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобалары бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын. Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған заң жобаларын – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын және «Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Екі заң жобасы бойынша сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобалары әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту тетіктерін заңнамалық реттеу мен жүйелеу және әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік шараларын заңнамалық бекіту мақсатында әзірленді.

Негізгі заң жобасы мыналарға бағытталған:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік проблемаларды шешуге қатысуын қамтамасыз ету;

2) халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және оларға қоғамдық пайдалы қызметке қатысу үшін басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасау;

3) Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері өндіретін тауарларды, орындайтын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарының жеке еңбегімен қатысуы арқылы нарыққа шығару.

Ілеспе заң жобасында мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары көзделген:

халықтың әлеуметтік осал топтары болып табылатын жұмыскерлерді мамандығы бойынша оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жұмсалған шығыстар мөлшерінде, бірақ 120 еселенген айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінен аспайтын салық салынатын кірісті азайту құқығы;

мүлік салығы салық базасына 0,5 пайыз мөлшерлемесі бойынша.

Сонымен қатар кәсіпкерлікті қолдау, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды дамыту және «Қызылжар» арнайы экономикалық аймағы бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізілді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінде заң жобалары бойынша ескертулер мен ұсыныстар жоқ.

Құрметті әріптестер! Баяндалғанды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Сенат отырысының қарауына Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 4-тармағына сәйкес енгізе отырып, Мәжіліс мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлімжан Сейітжанұлы.

Заң жобалары бірінші оқылымда талқыланды. Қайта талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы әлеуметтік мәселелерді шешуге, сондай-ақ аз қамтылған және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау көрсетуге үнемі баса мән беріп келеді. Бұл ретте әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың маңызы зор. Сондықтан қабылданып отырған заңдарды осы жолдағы нақты қадам деп айтуға толық негіз бар.

Бұл заңдарға Сенаттың депутаттары бастамашы болып, жобаларды дайындағанын ерекше атап өткен жөн. Отандық заңнамада алғаш рет әлеуметтік кәсіпкерлік деген бағытқа анықтама беріліп отыр. Сондай-ақ тиісті заңдарға осы салаға оң әсерін тигізетін жаңа нормалар енгізілді. Мемлекет тарапынан қандай көмек көрсетілетіні де бірінші рет нақты жазылды. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатымен заң аясында экономикалық өсімді қалпына келтіруге және пандемиядан зардап шеккен кәсіпкерлерді қолдауға арналған қосымша шаралар көзделген.

Бұл өңдеу өнеркәсібінің жаңа кәсіпорындары үшін қосылған құн салығын 70 пайызға азайту, өңдеу өнеркәсібінің жаңа негізгі қорларына қайта инвестицияланған табысты корпоративтік табыс салығынан босату сияқты шараларды қамтиды. Сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті қолдау үшін арнайы мобильді қосымшаны пайдалану арқылы жүргізілетін арнаулы салық режимі енгізілуде. Бұл кәсіпкерлердің қызметінің жекелеген процестерін және олардың салық органдарымен өзара іс-қимылын оңтайландырады. Алдағы уақытта қабылданған заңдар әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және басқа да өзекті мәселелерді шешуге өз ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы заңдарға бастамашы болып дайындаған депутаттарға және пікірлері мен ұсыныстарын айтып үлес қосқан әлеуметтік кәсіпкерлерге алғысымызды білдіреміз.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге.

«Уважаемый Аскар Узакпаевич! Обратиться к Вам с депутатским запросом побудило состояние двух рыбноводных заводов, находящихся на территории Атырауской области, которые посетили в период выезда в регион.

Это РГКП «Урало-Атырауский осетровый рыбноводный завод», строительство которого было начато в 1985 году и завершено в 1997 году по уже заведомо устаревшей на момент завершения строительства экстенсивной технологии по выращиванию мальков осетровых, и РГКП «Атырауский осетровый рыбноводный завод», построенный в 1998 году.

Действующая биотехническая система искусственного воспроизводства заводов основывается на разовом использовании производителей, поднимающихся на нерест. Между тем при использовании современных технологий можно достичь существенного увеличения эффективности заводов путем использования интенсивной биотехнологии для дополнительного выращивания и выпуска молоди, в том числе более высоких размерно-весовых показателей, от которых следует ожидать более высокий промышленный возврат взрослых особей.

Поэтому еще в 2009 году Президент страны Нурсултан Абишевич Назарбаев в ходе рабочей поездки в Атыраускую область дал поручение рассмотреть вопрос строительства

нового осетрового завода с проектной мощностью 30 миллионов штук молоди осетровых видов с использованием современных технологий.

Резолюция, одобренная Главой государства, от 28.01.2014 года предусматривает реализацию данного поручения в несколько этапов комплексных мероприятий, так как строительство нового завода являлось долгосрочной задачей. В этой связи по предложению уполномоченного органа в лице Министерства сельского хозяйства срок строительства завода был перенесен на более поздний срок. На первоначальном этапе предполагалась реконструкция двух действующих заводов с увеличением их суммарной мощности с 7 до 12 миллионов штук молоди осетровых.

Однако поручение Главы государства по модернизации заводов осталось невыполненным. За это время заводы так и не получили средств на реконструкцию и обновление материально-технической базы и продолжают работать, используя неэффективную технологию при устаревшем оборудовании.

Также немаловажным вопросом является обеспечение кадрами заводов, где средний возраст сотрудников на сегодняшний день составляет около 50 лет, и это связано с низкой заработной платой. Поэтому назрела острая необходимость повышения заработной платы сотрудников заводов.

Учитывая изложенное, считаем, что Министерству экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан в лице вновь созданного Комитета рыбного хозяйства целесообразно вернуться к решению вопроса о модернизации двух заводов в рамках исполнения поручений Елбасы и принятой Республиканской программы развития рыбного хозяйства в части обеспечения отечественных рыбоводных хозяйств посадочным материалом, а также в целях улучшения оплаты труда сотрудников двух уникальных по назначению заводов рассмотреть возможность внесения изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 1193 в части заработной платы.

Депутаты Дюсембаев, Лукпанов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос адресован Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Основанием депутатского запроса послужило обращение предпринимателей и акимата Атырауской области по нехватке средств, выделенных в рамках государственных программ «Дорожная карта бизнеса – 2025» и «Экономика простых вещей».

В условиях влияния негативных последствий пандемии именно эти государственные программы являются одним из действенных механизмов по восстановлению активности бизнеса.

На сегодняшний день в рамках государственных программ «Дорожная карта бизнеса – 2025» и «Экономика простых вещей» Атырауской области было выделено 6,5 миллиарда тенге.

В 2021 году средства местного бюджета на субсидирование были секвестрированы с 1 миллиарда 800 миллионов тенге до 800 миллионов тенге в связи с дефицитом бюджета, связанным с изъятием. Как вы знаете, изъятие в 2019 году составило 177 миллиардов тенге, в 2020 году – 207 миллиардов тенге, в 2021 году – 213 миллиардов тенге. Данная ситуация негативно повлияла на реализацию программы «Дорожная карта бизнеса – 2025» в регионе.

При этом в 2020 году Министерством национальной экономики в целях поддержки субъектов предпринимательства были внесены изменения в Государственную программу «Дорожная карта бизнеса – 2025», где сняты отраслевые ограничения. В результате повысилась активность со стороны предпринимателей региона к участию в данной программе, что привело к нехватке средств инструментов субсидирования и гарантирования.

Например, по состоянию на 1 апреля 2021 года сумма кредита на субсидирование составила более 10 миллиардов тенге, одобрено 112 проектов, что в 3 раза больше чем за аналогичный период 2020 года, на гарантирование было выделено более 2 миллиардов тенге, одобрено 404 проекта, что в 44 раза больше чем за аналогичный период 2020 года.

Уважаемый Алихан Асханович, на основании вышеизложенного просим при уточнении и корректировке республиканского бюджета на 2021 – 2023 годы рассмотреть возможность выделения средств Атырауской области в рамках государственных программ «Дорожная карта бизнеса – 2025» и «Экономика простых вещей».

С уважением, депутаты Лукпанов, Дюсембаев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 10 маусым

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын сайлау және қызметінен босату туралы

Об избрании и освобождении от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Парламентіндегі Өкілдігінің басшысы Б.Ө. ИСАБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад руководителя Представительства Президента Республики Казахстан в Парламенте Республики Казахстан ИСАБАЕВА Б.Ө. 1

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. 2

Сөз сөйлеген:

Выступил:

МУСИН Қ.С. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, судья Верховного Суда Республики Казахстан 3

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменения в Договор аренды комплекса «Байконур» между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации от 10 декабря 1994 года», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б.Б. МУСИННИҢ баяндамасы

Доклад Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан МУСИНА Б.Б. 4

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ОРЫНБЕКОВ Б.С. 5

ҚАРАШӨКЕЕВ Е.Ш. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі,
вице-министр финансов Республики Казахстан 6

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Т.А. МҰСАБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности МУСАБАЕВА Т.А. 7

Сөз сөйлеген:

Выступил:

КҮРІШБАЕВ А.Қ. 7

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы поляр маңындағы орбиталарға солтүстік бағытта ғарыш аппараттарын ұшыру үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандарды ұшыруды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о сотрудничестве по осуществлению пусков с космодрома «Байконур» ракет-носителей типа «Союз-2» для запусков космических аппаратов в северном направлении на приполярные орбиты», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б.Б. МУСИННІҢ баяндамасы

Доклад Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан МУСИНА Б.Б. 9

Сөз сөйлеген:

Выступил:

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. 10

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Т.А. МҰСАБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности МУСАБАЕВА Т.А. 11

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты	
Н. ТӨРЕҒАЛИЕВТЫҢ баяндамасы	
Доклад депутата Сената Парламента Республики Казахстан	
ТУРЕҒАЛИЕВА Н.	12
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
НҰРЖІГТОВА Д.Ө.	13
КАРИНОВА Ш.Т. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, вице-министр образования и науки Республики Казахстан	14
Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі	
Д.Ж. НОКЕТАЕВАНЫҢ қосымша баяндамасы	
Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке	
НОКЕТАЕВОЙ Д.Ж.	14
Сөз сөйлеген:	
Выступила:	
ҚАПБАРОВА А.Ж.	15

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам предпринимательства, социального предпринимательства и обязательного социального медицинского страхования», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты	
Е.Х. СҰЛТАНОВТЫҢ баяндамасы	
Доклад депутата Сената Парламента Республики Казахстан	
СУЛТАНОВА Е.Х.	16
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
БЕКЕНОВ Н.Ж.	18
ЖАҚСЫЛЫҚОВ Т.М. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министрі, первый вице-министр национальной экономики Республики Казахстан	19
ЖҮСП Н.Б.	20
ЖАҚСЫЛЫҚОВ Т.М.	20
КАРПЛЮК С.А.	21
СҰЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан	21
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы	
Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству КУРТАЕВА А.С.	21
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
ҚАНИЕВ Б.Н.	22
ӘДІЛБЕКОВ Д.З.	23
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)	
О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам предпринимательства, социального предпринимательства и обязательного социального медицинского страхования» (второе чтение)	
«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)	
О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса	

Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)» (второе чтение)

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству КУРТАЕВА А.С. 24

Депутат Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБАЕВА Г.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 26

Депутат С.Е. ЛҰҚПАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы


Депутатский запрос депутата ЛУКПАНОВА С.Е. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Смаилову А.А. 27

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева